



Адамзат тарихындағы қанқұйлы қырғынның Жеңіспен аяқталғанына міне, биыл 67 жыл толып отыр. Бұл күн тарихта ерекше орын алатын күн, бүкілхалықтық мереке. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс әлем тарихындағы үлкен жеңіс. Әрине бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Қаншама азаматтар өмірлерін қауіп-қатерге тігіп, ерліктерімен осы күнді жақындатты. Отан қорғауға аттанған жасуынгерлер арасында біздің жерлестеріміз де елін, жерін қорғауда аянбай күресті. Мен соғыс басталған тұста тылда еңбек етіп, 1943 жылы әскерге алындым. Тамбов қаласындағы әскери училищені аяқтағаннан кейін, майданға аттандым. Польша, Одер жағалауын, Висла бойын жсаудан азат етуде аянбай шайқастық. Осы сұрапыл қан майданда қаншама жасуынгерлерімізден айырылып қалдық. Тірі қалғандары жсаумен аяусыз шайқасып, Отан үшін ерлікпен күресе білді. Көрес жарығымыз бар екен. Елімізге, отбасымызға аман есен оралдық. Құдайға тәуба деймін. Бірақ сол ардагерлеріміздің көбісі қазір арамдыда жоқ. Қалғандары саусақпен санарлықтай ғана. Қазір жасым 90-нан асты. Елімнің егемендік алып, күн өткен сайын гүлденіп, көркейіп келе жатқанын мақтан етемін. Елімнің тағулығы мен бірлігі, достығы арта берсін деп тілеймін.